



**Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған ағаштың сүрегін дайындау үшін төлем ставкаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 сәуір N 536. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен. ~ P020431

Ормандарда өсіп тұрған ағаштың сүрегін дайындау үшін алынатын төлемді ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған ағаштың сүрегін дайындау үшін төлем ставкалары бекітілсін.
2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 21 сәуірдегі  
N 536 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған ағаштың сүрегін дайындау үшін төлем ставкалары

---

р/с ! Орман ағашының ! Тығыз орналасқан 1 м3 үшін ставка

N ! тұқымы ! мөлшері (теңге)

!

!

!

!

!

!

!

! жоғарғы бөлігіндегі дің ! отындық

! кесіндісінің көлеміне қарай ! сүрек

! қабықсыз кәделі сүрек ! (қабықты)

! \_\_\_\_\_ !

! ірі ! орташа ! ұсақ !

!(25 см !(13-тен !(3-тен !

! және !24 см-ге!12 см-ге !  
! жоғары)! дейін) ! дейін) !

---

1	Қарағай	1220	870	430	170
---	---------	------	-----	-----	-----

---

2	Шренке шыршасы	1590	1130	560	220
---	----------------	------	------	-----	-----

---

3	Сібір шыршасы, май қарағай	1100	780	390	130
---	-------------------------------	------	-----	-----	-----

---

4	Самырсын	980	700	340	120
---	----------	-----	-----	-----	-----

---

5	Балқарағай	2200	1570	770	190
---	------------	------	------	-----	-----

---

6	Ағаш тектес арша	1470	1040	520	220
---	------------------	------	------	-----	-----

---

7	Емен, шетен	2200	1570	770	340
---	-------------	------	------	-----	-----

---

8	Жабысқақ қара қандығаш, үйеңкі, шегіршін, жөке	490	350	170	110
---	---	-----	-----	-----	-----

---

9	Сексеуіл			340	
---	----------	--	--	-----	--

---

10	Қайың	133	94	51	37
----	-------	-----	----	----	----

---

11	Көк терек, ағаш тектес тал, терек	118	83	42	26
----	--------------------------------------	-----	----	----	----

---

12	Жаңғақ, шекілдеуік жаңғақ	2670	1910	940	290
----	------------------------------	------	------	-----	-----

---

13	Өрік, ақ қараған, алша, долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, түт ағашы, алма ағашы, басқа да ағаш тұқымдастар	1560	1910	940	190
----	---	------	------	-----	-----

---

14	Арша, самырсын		280	150	
----	----------------	--	-----	-----	--

---

15 Сары қараған, жыңғылдар, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгүн, шеңгел, басқа да бұталар	51	30
---	----	----

---

Ескертулер:

1. Ағаш кесу орнының сүректі арту тұтыну пунктiнен қашықтығына қарай төлемдерге мынадай көтеріңкі және азайтушы коэффициенттер қолданылады:

- |                         |       |
|-------------------------|-------|
| 1) 10 шақырымға дейін   | 1,30; |
| 2) 10,1-25 шақырым      | 1,20; |
| 3) 25,1-40 шақырым      | 1,00; |
| 4) 40,1 - 60 шақырым    | 0,75; |
| 5) 60,1 - 80 шақырым    | 0,55; |
| 6) 80,1 - 100 шақырым   | 0,40; |
| 7) 100 шақырымнан астам | 0,30; |

Ағаш кесу орнының сүректі арту (тұтыну) пунктiнен қашықтығы картографиялық материалдар бойынша анықталады және жергілікті жер бедеріне қарай мынадай коэффициенттер бойынша түзетіледі:

- 1) жазық жер 1,1;
- 2) жоталы жер немесе батпақты жер 1,25;
- 3) таулы жер 1,5.

2. Басты пайдалануға жаппай кесу жүргізбеген кезде ставкалар 20 пайыз төмендетіледі.

3. Орманды күтіп-баптау кезінде кесу, іріктеп-санитарлық кесу және құндылығы аз орман екпелерін жаңартуға байланысты, оның ішінде өз күштерімен және құралдарымен дайындау жүргізуші азаматтардың жеке қажеттері үшін отындық сүректі (сексеуіл сүректерінен басқасы) босату мақсатында кесу жүргізген кезде ставкалары 50 пайыз төмендетіледі.

4. Ағаш сүректерін өрлігі 20 градустан жоғары тау беткейлерінен босату кезінде ставкалар 30 пайыз төмендетіледі.

5. Өрттен, зиянкестерден, саңырауқұлақ ауруымен зақымданған сүректерді босату кезінде, сондай-ақ дауыл құлатқан, жел сұлатқан және қураған ағаштарды босату кезінде орман шаруашылығын басқарушы облыстық мемлекеттік органдар жүргізетін зерттеу нәтижелері бойынша белгіленген тәртіппен анықталатын кәделік сүректің шығуы кемуіне қарай ставкалар төмендетілуі

мүмкін.

Кәделік сүректің шығуы кеміген кезде:

10-нан 30 пайызға дейін - ставкалар 25 пайызға дейін;

31-ден 50 пайызға дейін - 50 пайызға дейін;

51-ден 75 пайызға дейін - 75 пайызға дейін;

75 пайыздан жоғары - 100 пайызға дейін төмендетіледі.

Ставкаларды төмендету туралы шешімді орман шаруашылығын басқарушы облыстық мемлекеттік органдар салық органдарымен келісім бойынша қабылдайды.

6. Өсіп тұрған ағаштың сүрегін босату кезінде қалдық кесінділер қайта өңдеу немесе отынға пайдалану үшін сатылса, тиісті орман ағашы тұқымының отындық сүрегі ставкасының 40 пайызы мөлшерінде - бөрікбасының жойылғаны үшін, ал 20 пайыз мөлшерінде - қалған бұтақтар үшін төлем алынады.

7. Орманды қалпына келтіру, ормандарды өртке қарсы орналастыру жөніндегі іс-шараларды орындаушы және орман өрттерін өшіруге қатысушы пайдаланушыларға ағаш сүрегі үшін төлем ставкасы 50 пайыз төмендетіледі, бұл ретте бұл іс-шараларды орман пайдаланушылар төлем ставкасының 30 пайызынан кем емес сомада жүргізуі тиіс.

Көрсетілген іс-шаралар орман шаруашылығын басқарушы облыстық мемлекеттік орган бекітетін бағалар бойынша орман иеленушілермен жасалған келісімдерге сәйкес орындалады.

8. Осы қосымшаның 2-4-тармақтарында көзделген жеңілдіктер алдыңғы жеңілдіктерді пайдаланғаннан соң шыққан ставканың әрқайсысынан есептелінеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК